

**Қазақстан Республикасының Есірткі заттарға бақылау жасау жөніндегі мемлекеттік комиссиясын құру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 5 желтоқсан N 1367. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.05.06. N 677 қаулысымен. ~P000677

Біріккен Ұлттар Ұйымның Есірткі заттарға бақылау жасау жөніндегі Халықаралық бағдарламасының негізгі ережелеріне сәйкес және есірткіге қарсы күресті үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті  
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Есірткі заттарға бақылау жасау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Есірткі заттарға бақылау жасау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы Ереже (N 1 қосымша) мен осы комиссиясының құрамы (N 2 қосымша) бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Есірткі заттарға бақылау жасау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы мүдделі министрліктер мен ведомстволардың келісімімен 1995-1997 жылдарға арналған есірткіге қарсы күрес жөніндегі кешенді үкімет бағдарламасын әзірлеп, бекітетін болсын.

4. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары жүктелген міндеттерді шешуде Қазақстан Республикасының Есірткі заттарға бақылау жасау жөніндегі мемлекеттік комиссиясына жәрдем көрсетсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 5 желтоқсандағы  
N 1367 қаулысына

N 1 қосымша <\*>

ЕСКЕРТУ. N 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.07.20. N 1004 қаулысына сәйкес. P991004\_

Қазақстан Республикасының  
Есірткілерге бақылау жасау жөніндегі

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Есірткілерге бақылау жасау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы (әрі қарай - Комиссия) есірткі заттарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымына және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдалануына қарсы күрес жүргізу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырушы және жүзеге асырушы ведомствоаралық о р г а н б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, есірткі заттарына бақылау жасау жөніндегі халықаралық келісімдерді және осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комиссия Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп беріп отырады және өз қызметін жүзеге асыру, туындаған проблемаларды шешу кезінде өз міндеттерін орындау үшін әртүрлі ведомстволардың, оның ішінде шетелдердің білікті мамандарын тартуға құқы бар. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, мемлекеттік ұйымдар Комиссияның жұмысына көмек көрсетуге міндетті.

2. Комиссияның негізгі функциялары

4. Комиссия мынадай негізгі функцияларды орындайды:

1) Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін, есірткі заттарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналысы және олардың заңсыз айналысы мен теріс пайдалануына қарсы күрес жүргізуді ұйымдастыру қызметін реттеу жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуді және жүзеге асыруды қ а м т а м а с ы з е т е д і .

2) есірткі заттарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналысына және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы күрес жүргізу саласына қатысушы заңды тұлғалардың қызмет тәртібін реттейтін заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді тиісті мемлекеттік органдармен келісе отырып әзірлейді;

3) есірткі заттарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына мемлекеттік бақылау жасауды және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы күрес жүргізу шараларын ұйымдастырады;

4) есірткі заттарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың теріс пайдаланылуы саласындағы қызметті реттеу жөніндегі және нашакорлыққа және уытқорлыққа шалдыққан адамдарға медициналық-әлеуметтік жәрдем ұйымдастырудағы және оны көрсету кезіндегі

азаматтардың құқықтары мен бостандықтары кепілдіктерін қамтамасыз етудегі қызметті реттеу жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде денсаулық сақтау органдарына жәрдем көрсетеді;

5) уәкілетті органдардың ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі заттарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізімін, сондай ақ заңсыз сақталуы немесе айналымы анықталған есірткі заттарын және психотроптық заттарды шамалы, көп, аса көп мөлшерге жатқызу туралы жиынтық кестені әзірлейді және оларды белгіленген тәртіпте жариялайды;

6) Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен бірлесе отырып, есірткі заттары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымының барлық түрлерінің ауқымын болжап отырады;

7) уәкілетті органдармен бірлесе отырып, есірткі заттарына, психотроптық заттар мен прекурсорларға мемлекеттің тұтыну нормаларын анықтайды;

8) есірткілік әсері аз, әлдеқайда дәйекті, қолданылып жүргендерімен салыстырғанда қауіпті емес есірткі заттары мен психотроптық заттарды әзірлеу және енгізу процесін бақылайды;

9) Есірткілерді бақылау жөніндегі БҰҰ халықаралық комитетінің Қазақстан Республикасы үшін халықаралық квотаны бекіту үшін республиканың есірткі заттары мен психотроптық заттарды тұтыну нормаларын Үкіметке ұсынады;

10) уәкілетті органдармен бірлесе отырып, есірткі заттарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы күрес жүргізу саласындағы ғылыми зерттеулерді үйлестіреді;

11) уәкілетті және өзге де органдармен бірлесе отырып, қызметтері есірткі заттары мен психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы саласымен байланысты мамандардың оқуын, даярлануын, қайта даярлануын, тағылымдамасын және біліктілігін көтеруді ұйымдастырады;

12) қызметі нашақорлық проблемасымен байланысты қоғамдық ұйымдардың, ассоциациялардың жұмысын үйлестіреді;

13) есірткі заттарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдалануына қарсы күрес жүргізу саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

14) Қазақстан Республикасының заң актілеріне және Президент пен Үкімет актілеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді орындайды.

### 3. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру

5. Комиссияны Қазақстан Республикасының Үкіметі құрады және таратады.

6. Комиссияны Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес басқарады.

7. Комиссияның құрамына мыналар кіреді:  
Сыртқы істер министрлігінің;  
Әділет министрлігінің;  
Ішкі істер министрлігінің;  
Бас прокуратураның (келісім бойынша);  
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (келісім бойынша);  
Қорғаныс министрлігінің;  
Қаржы министрлігінің;  
Ауыл шаруашылығы министрлігінің;  
Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің;  
Мемлекеттік кіріс министрлігі Салық полициясы комитетінің;  
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің;  
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің;  
Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің;  
Ғылым және жоғары оқу министрлігінің;  
Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттіктің  
( к е л і с і м б о й ы н ш а ) ;

Табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны қорғау министрлігінің жетекшілері .

Комиссияның дербес құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді .

8. Комиссияның жұмысы ағымдағы және перспективалық жоспарлар негізінде жүзеге асырылады. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай, өз мүшелерінің кемінде жартысы болған жағдайда тоқсанына бір рет жүргізіледі.

9. Комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және Комиссия құрамынан басым көпшілік дауыс берілсе, қабылданды деп есептеледі.

10. Комиссияның шешімі хаттамалық шешім ретінде ресімделеді және қажет болған жағдайда бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жалпыға бірдей жеткізіледі. Комиссияның өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімдері орталық және жергілікті атқарушы органдар, мемлекеттік ұйымдар үшін міндетті болып саналады .

11. Комиссияның отырыстары аралығындағы кезеңде ағымдық жұмысты Комиссияның төрағасына тікелей бағынатын Хатшылығы жүзеге асырады. Хатшылықтың құрамы Комиссияның отырысында бекітіледі.

12. Комиссияның Хатшылығы, басшылары Комиссияның құрамына кіретін министрліктер мен ведомстволардың жауапты қызметкерлері қатарынан құрылады .

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Комиссияның хатшылығын үй-жаймен, байланыс құралдарымен және ұйымдық техникамен

камтамасыз етеді, Хатшылық қызметінің жүзеге асырылуы кезінде іссапарлық, өкілдік, көліктік, сондай-ақ ағымдағы шаруашылық мақсатындағы бұйымдар мен материалдар сатып алуға байланысты шығындарды төлейді.

13. Есірткі заттарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымымен күресті үйлестіру үшін облыс, Республика астанасы мен республикалық дәрежедегі қала әкімдерінің жанынан өз қызметінде Комиссияға бағыныста болатын және есеп беретін есірткіні бақылау жөніндегі аймақтық комиссиялар құрылады.

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 5 желтоқсандағы  
N 1367 қаулысына

N 2 қосымша

Қазақстан Республикасының Есірткі заттарға  
бақылау жасау жөніндегі мемлекеттік комиссиясының  
Құрамы

- Тоқаев Қ.К. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің  
орынбасары - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер  
министрі, төраға <\*>
- Мұхамеджанов Б.Ә. - Қазақстан Республикасының Әділет министрі,  
Комиссия төрағасының орынбасары<\*>
- Сүлейменов Қ.Ш. - Қазақстан Республикасының Ішкі істері министрі,  
Комиссия төрағасының орынбасары <\*>
- Симачев В.В. - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің  
бірінші вице-министрі<\*>
- Комиссия мүшелері:
- Тоқсейітов Р.Қ. - Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет  
және денсаулық сақтау вице-министрі<\*>
- Арынов Е.М. - Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет  
және денсаулық сақтау вице-министрі<\*>
- Нүкенов М.О. - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік  
комитеті төрағасының орынбасары (келісім  
бойынша)<\*>
- Жұмабеков О.И. - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының  
орынбасары (келісім бойынша)<\*><\*>
- Отаров Қ.М. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы  
министрінің орынбасары<\*><\*><\*>

Сәрсенбаев Н.А. - Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалары жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары <\*>

Әбдіров Н.Н. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті Қарағанды Жоғары мектебінің қылмыстық құқық кафедрасы меңгерушісінің орынбасары, Қазақстан Республикасының Есірткі заттарға бақылау жасау жөніндегі мемлекеттік комиссияның хатшысы <\*>

Мами К.А. - Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы (келісім бойынша)<\*>

Әбітаев Е.Ә. - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі<\*>

Ертілесова Ж.Ж. - Қазақстан Республикасының Қаржы бірінші вице-министрі<\*>

Бектұрғанов Н.С. - Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім вице-министрі<\*>

Жарбосынова М.Б. - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер вице-министрі<\*>

Қасымов Ғ.Е. - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Кеден комитетінің төрағасы<\*>

Смағұлов Н.Р. - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің жауапты қызметкері<\*>

Тоғысов Ә.Ә. - Қазақстан Республикасының Қорғаныс вице-министрі<\*>

Ескерту. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.02.24. N 204 және 1995.04.03. N 390 қаулыларымен.

Ескерту. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚРҮ-нің 1996.08.12. N 996 қаулысымен. P960996\_

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгертілді - ҚРҮ-нің 1997.06.12. N 952 қаулысымен. P970952\_

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгертілді - ҚРҮ-нің 1998.01.12. N 6 қаулысымен P980006\_

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгертілді - ҚРҮ-нің 1998.08.06. N 748 қаулысымен P980748\_

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгерді - ҚРҮ-нің 1999.04.24. N 468 қаулысымен P990468\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК